

«Бекітемін»
Мектеп директоры: *mf* Р.А.Жунускулова
«02» 09 2025ж



«Менің Отаным – Қазақстан»

(сынып сағаты)



Сынып жетекші: Сарсекова Э.Т

Сынып: 1 «А»

2025-2026 оқу жылы

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Сарсекова Э.Т	
Күні:	02.09.2025ж	
Сынып: 1 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Гербие тақырыбы	«Менің Отаным – Қазақстан»	
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық	
Максаттары	Оқушыларға Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
	Сәлемдесу. “Амандасу” тренингі Ұйымдастыру Мұғалім: Балалар, бүгін біз «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткіземіз. Қазақстан – біздің туған жеріміз, біздің ортақ үйіміз. Біз осы жерде өмір сүріп, білім алып, елімізді көркейтуге үлес қосып жүрміз. Бұл сабақта біз Отан туралы сөйлесеміз, оның байлығымен ерекшеліктері туралы ой бөлісеміз. Барлығыңызға сәттілік тілеймін! Қазақстанның рәміздерін таныстыру Қазақстанның Туы: Қазақстан Республикасының Туы – көгілдір түсті, ортасында күн, астында қыран бейнеленген. Бұл рәміз еліміздің бейбітшілігімен кең байтақ даласын көрсетеді. Тапсырма: Оқушылар Ту туралы өз ойларын айтып, оны суреттейді. Елтаңба: Елтаңба – мемлекеттің айқын белгісі. Ол киіз үйдің шаңырағы, қанатты пырақтармен бес жұлдыздан тұрады. Бұл қазақ халқының ежелгі мәдениетін бейнелейді. Тапсырма: Оқушылар Елтаңбадағы бейнелерді талқылайды, олардың мағынасы туралы ой қозғайды. Қазақстан Әнұраны: Әнұран – еліміздің рухани күші. Ол бізді біріктіріп, бірлікке шақырады. Барлығымыз Әнұранды орнымыздан тұрып, бірге орындайық.	Оқушылар шеңбер болып тұрады Қазақстанның рәміздерін таныстырады Қазақстанның Туы туралы мәлімет алады Қазақстан Республикасының Туы – көгілдір түсті, ортасында күн, астында қыран бейнеленген. Бұл рәміз еліміздің бейбітшілігімен кең байтақ даласын көрсетеді. Оқушылар суретін салады	

Тапсырма: Барлық оқушылар Қазақстанның Әнұранын бірге орындайды. Туған жердің табиғатымен байлығы Қазақстан – өтебай, табиғаты әсем, кең байтақ ел. Біздің жерімізде таулар, өзендер, ормандар, далалар бар. Осы жерлерді көріп, біз туған жерімізге деген мақтаныш сезімін сезінеміз. Тапсырма: Оқушылар Қазақстанның әдемі табиғаты туралы қысқаша әңгімелер айтады, табиғат суреттерін көрсетеді және оларды сипаттайды. Шығармашылық жұмыс Тапсырма: Оқушыларды топтарға бөліп, келесі шығармашылық тапсырмаларды орындауды ұсынады: 1. «Менің Қазақстаным» тақырыбында эссе жазу. Қорытынды Бүгін біз Қазақстан туралы көп мағлұмат алдық. Отанымызды сүю, оның жетістіктерін мақтан тұту – әрбір азаматтың міндеті. Сендерде болашақта елдің дамуына үлес қосып, елімізді биік белестерге жетелейсіңдер деп сенемін. Сұрақ-жауап: Мұғалім оқушыларға сабақтан алған әсерлерімен білімдерін сұрап, қорытындылайды. Тәрбиелік сөздермен өсиеттер Отанға деген сүйіспеншілік тек сөзбен ғана емес, іспен де көрінеді. Отанымызды қорғап, оның әрбір жетістігіне қуанып, оның болашағы үшін еңбектену – біздің басты міндетіміз. Әр қайсымыз өз үлесімізді қосайық Қорытынды Сабақ аяқталған соң, оқушылар туған жер туралы ойларын ортаға салады. Мұғалім әрбір баланың пікірі мен тапсырмаларын бағалайды. Тәрбие сағаты Қазақстан туралы терең білім беріп, патриоттық сезімдерді күшейтуге көмектеседі.	Елтанбадағы бейнелерді талқылайды, олардың мағынасы туралы ой қозғайды. Оқушылар Қазақстанның Әнұранын бірге орындайды. Отаным, туған жерім – Қазақстан, Ауыр күндер артта қалды азап құшқан. Бүгінде ұландарың еркін күліп, Көгіңде қырандарың азат ұшқан. Иса Байзақов Бір кезде артта қалған Қазақстан, Отарлап, үн шығармай патша қысқан, Советтің ұлы теңдік арқасында, Өлшеусіз табысым бар белден асқан. Туған жер О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең, Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен. Сағынышымды қанат қып саған қарай Балапандай талпынып ұшамын мен. «Менің Қазақстаным» тақырыбында эссе жазады.
---	--

